

ЖЫЗЫЛ АНУ

ҚК(б)П Облыстық және қалалық комитеттерінің, өңбекшілер депутаттарының Павлодар облыстық советінің органы.

1943 жыл
5 Январь
Сейсенбі
№ 3 (1148)

Шығыс бастағанына
6-жыл
Жеке саны
16 тыйын

3-январьда біздің шабуыл жасап бара жатқан әскерлер жауға тұтқиылдан соққы беріл. Моздок қаласын және теміржол станциясын, сол сияқты Малгобек қаласын алды.

4 январьда біздің шабуыл жасап бара жатқан снайпер Чернышков қаласын және Чернышков темір жол станциясын алды.

Чернышков ауданында негізгі олжалар қолға түсірді. Олардың ішінде: 17 самолет, 2 миллион снаряд, 500-мың авиабомба, сол сияқты азық-түлік және соғыс мүліктері сияқты бар.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫ.

Сталинград маңындағы біздің әскерлердің алты апталық шабуылының қорытындысы

Қызыл Армия 1942 жылы октябрь айының ортасында Сталинград маңында неміс-фашист әскерлерінің алға басымын тоқтатты.

Соғыстың барысы, неміс командованиясының өз күшін және совет резервтерін есептемей, Сталинградты басып алып, Советтер Союзының орталық, Европа бөлімін Волга және Орал тылынан бөліп тастап, Москваны қоршап және ала-

мыз деген стратегиялық пайының жоққа шыққанын көрсетті.

Қызыл Армия Жоғарғы командованиясының Сталинград маңында неміс-фашист әскерлерін қоршап алып және талқандау туралы стратегиялық планы оған толық қарсымақарсы қойылды.

Біздің әскерлер бұл планды 1942 жылдың ноябрь, декабрь айларында үш кезеңмен іске асырды.

әскерлерінің тылына өтіп, Сталинград маңында қоршалған жау әскерлерінің қоршаудан шығып кетуіне немесе олардың сырттан көмек алуына жол бермеу мақсатын қойды.

Орта Дон ауданындағы шабуылдың бұл мақсатын Қызыл Армия бөлімдері мен команда составтары толық іске қаймыл жасау арқылы жүзеге асырды.

Орта Дон ауданында болған ұрыс мерзімінің ішінде Қызыл Армия 150-200 километр алға басып, 1246 елді пунктті азат етті. Шабуыл ұрыстары кезінде біздің әскерлер жаудың төмендегі құрамаларын талқандады: немістердің 62,294, 298, 306,385 жаяу әскер дивизиялары, немістердің 14 танк дивизиясы, Италияның жаяу әскер дивизиялары—3 «Кассерия» дивизиясы, 2 «Сфоричес» дивизиясы, 9 «Пасуби» дивизиясы, 52 «Торьяно» дивизиясы, Чернорубачниктердің бір

бригадасы, Румынияның 7 және 11 жаяу әскер дивизиялары. Бұдан басқа жаудың 4 дивизиясы үлкен шығынға ұшыратылды. Жаудың әскерлері бұл ұрыста 59 мың адамынан өлдідей айрылды. 60050 солдаттары мен офицерлері пленге түсті, совет әскерлері көптеген олжалар қолға түсірді. Олардың ішінде—368 самолет, 178 танк, 1927 зеңбірек, 7414 автомашина, сол сияқты көптеген минометтер, пулеметтер, автоматтар, танкіге қарсы жұмыс істейтін мылтықтар, ұрыс жабдықтары мен басқадай соғыс мүліктері бар.

Біздің әскерлер бұдан басқа жаудың 117 самолетін, 172 танкісін, 268 зеңбірегін, 1000 иан астам автомашинасын және басқадай көптеген соғыс мүліктерін жойды.

Сталинград маңындағы совет әскерлерінің шабуыл жасау ұрысының екінші кезеңінің қорытындысы осындай.

Бірінші кезең—біздің әскерлердің Сталинградтың солтүстік-батысында және оңтүстігінде шабуыл жасауы

Қызыл Армия 19 ноябрьден бастап оңтүстік-батыс, Дон және Сталинград майдандарында күшпен шабуылға шығып, жауға қатты соққы берді.

Қызыл Армияның Жоғарғы командованиясы Сталинградтың солтүстік-батысындағы және оңтүстік-батысындағы совет әскерлерінің алдына Сталинград маңындағы неміс-фашист әскерлерінің флангадағы топтарын талқандау және Сталинград түбіндегі орналасқан армиясы құрамаларының негізгі көпшілігін қоршап алу міндетін қойды. Қызыл Армия бөлімдері және оның команда составы пәтижелі түрде ұрыс жүргізіп, бұл қойылған мақсатқа жетті.

Шабуылдың барысында біздің әскерлер жаудың мыңдаған құрамаларын талқандады: Румынияның 1,2,5,9,13,14,15 жаяу әскер дивизияларын, Румынияның 7 атты әскер, 1 танк дивизияларын, немістің 44, 376, 384 жаяу әскер, 22 танк дивизияларын, бұдан басқа немістің үш жаяу әскер дивизиясын үлкен шығынға ұшыратты. Осы ұрыстарда біздің әскерлер душпанның 95000 солдатты мен офицерлерін жойып, 72400 солдатты мен офицерлерін пленге алды. Біздің бөлімдер үлкен олжалар қолға түсірді. Оның ішінде 134 самолет, 1792 танк, 2232 зеңбірек, 7306 автомашина, сол сияқты көптеген минометтер, пулеметтер, автоматтар, танкке қарсы жұмсалатын мылтықтар.

ұрыс жабдықтары мен мүліктері бар.

Осы мерзімнің ішінде біздің әскерлер жаудың 826 самолетін, 548 танкісін, 934 зеңбірегін, 3190 автомашинасын және көптеген басқадай соғыс мүліктерін жойды.

Сталинградтың солтүстік-батысында және оңтүстік-батысында біздің әскерлер шабуыл жасаған мерзімнің ішінде Қызыл Армия 70-150 километр алға басып, 213 елді пунктті азат етті.

Біздің әскерлердің Сталинград ауданында қарқынды түрде жаудың шебін бузып, алға басымын пәтижесінде неміс әскерлерінің төмендегі бөлімдері мен құрамалары қоршауға алынды: немістердің 14,16,24 танк дивизиялары, немістердің 3,29 және 60 моторлы дивизиялары, немістердің 71,76,79, 94, 100,113,297,295,305, 371,389 және румындықтардың 20 жаяу әскер дивизиялары, Сталинград ауданында біздің әскерлер шабуыл жасағанда талқандалған неміс құрамаларының 1 атты әскер дивизиясы мен немістердің 44, 376,384 жаяу әскер дивизияларының қалдықтары. Бұдан басқа неміс әскерлері жоғарғы командованиясының резервтері 44,46 және 61 артиллерия полктері, 12,25,37,104 зенит полктері, 53 миномет полкі, 50, 162,294,336 жеке санер батальондары қоршауға алынды.

Сталинград маңында совет әскерлерінің шабуыл жасау ұрыстарының бірінші кезеңі осындай.

Үшінші кезең—біздің әскерлердің Сталинградтың оңтүстігінде шабуыл жасауы

Неміс командованиясы Сталинград маңында өз әскерлерінің халін дағдарысқа қауыпқа ұшыратып, өзінің әскерлерін Қызыл Армияның Сталинград маңындағы қоршауынан алып шығуға аса зұлымдықпен әрекеттенді. Жаудың осы мақсатпен Кассерияның солтүстік ауданына үлкен топ болып жығылып 12 декабрь күні біздің әскерлері қарсы шабуыл жасады.

Сталинградтың оңтүстігінде совет әскерлеріне Қызыл Армияның Жоғарғы командованиясының алға қойған міндеті жау әскерлерінің шабуылға арналған жаңа топтарын талқандау, немістерді оңтүстікке қарай қуып тастау және Сталинград маңында қоршауда қалған жаудың дивизияларына өтетін жолын бекітіп тастау болды.

Бұл мақсат Сталинградтың оңтүстігінде біздің әскерлердің шабуыл жасаған үшінші кезеңімен жүзеге асырылды.

Сталинградтың оңтүстік ауданында шабуыл жасаған кезде біздің әскерлер 400-500 километр алға басып, 130 дан астам елді пунктті азат етті. Декабрьдің 12 мен 30 на дейін болған ұрыста біздің әскерлер жаудың 6,17 және 23 танк дивизиялары мен 16 моторлы дивизиясы, 4 және 8 жаяу әскер, 5 және 8 атты әскер дивизиясын талқандады. Неміс-фашист әскерлері 21 мың адамынан өлдідей айрылды. 5200 солдаттары мен офицерлері

пленге түсті. Қолға түскен көп олжалардың ішінде 40 самолет, 84 танк, 292 зеңбірек, 329 автомашина, сол сияқты көптеген басқадай ұрыс жабдықтарымен авиация және танкке мүліктері бар.

Болған ұрыс кезінде біздің әскерлер жаудың 306 самолетін, 467 танкісін, 257 зеңбірегін, 945 автомашинасын және басқадай көптеген соғыс мүліктерін жойды.

Неміс әскерлерінің шабуыл жасау ұрысының үшінші кезеңінің қорытындысы осындай.

Сталинград маңында неміс-фашист әскерлерін қоршап алып, талқандау жөніндегі Қызыл Армияның Жоғарғы командованиясының үш кезеңі жүзеге осылай асырылды.

Сталинград маңындағы алты апталық ұрыста біздің әскерлер неміс-фашист басқыншыларынан 1689 елді пунктті азат етті. Шабуыл жасаған 1942 жылдың 19 ноябрінен бері Қызыл Армия қысқа мерзімнің ішінде аса күрделі және қиын қиындықтарды басып кешіріп, жаудың 22 дивизиясын тығыз айнала қоршап алды. Қызыл Армия жаудың 36 дивизиясын бүтіндей талқандады, соның ішінде 6 танк дивизиясы және жаудың 7 дивизиясы үлкен шығынға ұшырады. Сөйтіп, осы мерзімнің ішінде неміс-фашист әскерлері 175000 солдаттары мен офицерлерінен

Екінші кезең—біздің әскерлердің Орта Дон ауданында шабуыл жасауы

Сталинград маңында неміс-фашист әскерлерін қоршауға алуы жүзеге асырып, соның ішінде Жоғарғы командованияның алға қойған міндетін жедел орындап, Қызыл Армия декабрьдің 16 нан 30 на дейін орталық Дон ауданында жауға жаңадан қатты соққы берді.

Орталық Дон ауданында шабуыл жасаған совет әскерлерінің алдына Қызыл Армияның Жоғарғы командованиясының Невая Калитва—Манастыршица ауданындағы жаудың қорғану майданын бузып өтіп, Орта Дон үлкен айрықтарында әрекет жасаушы неміс-фашист

Сталинград маңындағы біздің әскерлердің алты апталық шабуылының қорытындысы

(Жалғасы, басы 1-бетте)

өлідей айрылды, біздің әскерлер жаудың 137650 солдаттары мен офицерлерін пленге алды. Біздің әскерлер мынадай олжалар қолға түсірді: 542 самолет, 2064 танк, 4451 зеңбірек, 2734 миномет, 8161 пулемет, 15954 автомат, 3703 танкеге қарсы қолданатын мылтық, 137850 винтовка, 5 миллионнан аса снаряд, 50 миллионнан аса патрон, 2120 вагон, 46 паровоз, оқ-дәрі, қару-жарак, азық түлік қойылған 434 склад, 15032 автомашина, 15000 ат, 3238 мотоцикл және басқа көптеген соғыс мүліктері бар.

Осы уақыттың ішінде біздің әскерлер немістің 1249 самолетін, 1187 танкін, 1459 зеңбірегін, 755 минометін, 2708 пулеметін, 5135 автомашинасын және көптеген басқадай соғыс мүліктерін жойды.

Қызыл Армия жоғарғы командованиясының Сталинградтағы жау әскерлерін талқандау және қоршап алу панын жүзеге асыру оңтүстік батыс майданды командашысы генерал-полковник Н. Ф. Ватутиннің, Сталинград майданының командашысы генерал-полковник А. И. Еременконың, Дон майданының командашысы генерал-лейтенант К. К. Рокоссовскийдің, Воронеж майданы командашысы генерал-лейтенант Ф. И. Голиковтың, жалпы алғанда жоғарғы командованиенің қойған өкілі армия генералы Г. К. Жуковтың, генерал-полковник А. М. Василевтің, артиллерия-генерал-полковнигі Н. Н. Вороновтың басшылығымен іске асырылды.

Урыста генерал-лейтенант П. И. Батовтың, генерал-лейтенант Кузнецовтың, генерал-лейтенант Д. Д. Лелюшенконың, генерал-лейтенант Малиновскийдің, генерал-лейтенант М. М. Половтың, генерал-лейтенант П. Л. Романенконың, генерал — майор И. М. Чистяковтың, генерал-майор Ф. И. Толбухиннің, генерал-майор Н. И. Труфановтың, генерал-лейтенант Ф. М. Харитоновтың әскерлері ерекше көзге көрінді.

Бұдан басқа ұрыстарда танк әскерлерінің генерал-лейтенанты В. М. Баданов, танк әскерлері генерал-лейтенанті П. А. Ротмистров, генерал-майор И. Н. Руссиянов, танк әскерлерінің генерал-майоры Б. Т. Вольский, танк әскерлерінің генерал-майоры П. П. Полубояров, танк әскерлерінің генерал-майоры П. П. Павлов, танк әскерлерінің генерал-майоры А. Г. Родин, танк әскерлерінің генерал-майоры В. В. Бутков, танк әскерлерінің генерал-майоры Т. С. Финасшин, генерал-майор И. В. Волков, генерал-майор К. В. Свиридов басқарған танк және механизациялы қорықтары ерекше көзге көрінді.

Сталинград маңындағы совет әскерлерінің жетістікке жету жөнінде авиацияның генерал-лейтенанты С. А. Красовскийдің, авиацияның генерал-майоры Т. Т. Хрюниннің, авиацияның генерал-майоры Л. Г. Руденконың және жалпы алғанда жоғарғы командованияның қойған өкілі авиацияның генерал-лейтенанты А. А. Новиковтың және авиацияның генерал-лейтенанты Ф. Я. Фалалеевтің басқарған авиация құрамалары ерекше көмек көрсетті.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫ

Қызыл Армия қорына Қызыл Армия немістерге тыным бермеуде

Қызыл Армияға, отанға деген сүйіспеншілігі артық Лозов ауданының колхозшылары өздерінің артық астықтарын Қызыл Армия қорына беруде. Партияның XVII съезі атындағы колхоздың колхозшылары Қызыл Армия қорына арнап 500 пуд астық тапсырды. Колхозшы Цинбал жолдас бір өзі Қызыл Армия қорына арнап 12 пуд бидай, Юрков 18 пуд, Бублик 12 пуд, Гончарова 10 пуд астық тапсырды. Колхозшылар таяу уақыттың ішінде Қызыл Армия қорына 1000 пуд астық тапсырамыз деп міндеттеме алды.

«Память Кирова», «Петровка» колхоздарының колхозшыларыда бұл тамаша инициативаны асқан белсенділікпен қолдауда. «Память Кирова» колхозының колхозшысы Кочевой жолдас бір өзі Қызыл Армия қорына 30 пуд, Тарасовко 18 пуд, Карпачев 12 пуд астық берді. Колхозшылар бір күннің өзінде 250 пуд астық жыйнады.

Ковалева.

Артық астықтарын беруде

Каганович (өз тілшімізден) «Жаңа майдан» колхозының колхозшылары сүйікті Қызыл Армиясының майдандағы табысты шабуылдарына жауап ретінде өздерінің басы артық астықтарын Қызыл Армия қорына қуанышпен беруде.

«Жаңа майдан» колхозының колхозшылары бір адамдай ұйымдасқан түрде Қызыл Армия қорына 208 пуд астықтарын беріп үлгерді. Солардың ішінде колхоз председателі Жапатаев Жаңа жолдас 32 пуд, колхоз секретарі Абиғазиев жолдас 24 пуд астық берді.

Дачдайсыған жауды танк пен таптайық

Танк колоннасын жасау қорына

Облыс бойынша «Павлодар колхозшылары» танк колоннасын жасауға 15 миллион сом қаржы жыйналды. Алдыңғы аудандар: Баянауыл-1,561 мың, Май-1.197 мың, Каганович-1.017 мың, Цюруппа-2 миллион сом жыйнап тапсырған.

Павлодар, Урлютюп, Лозовауданлары артта келеді.

Қаржы жыйнау қыза түсуде

Ермак. (Өз тілшімізден) Аудан колхозшылары танк колоннасын жасау қорына қарақатты еселеп беріп жатыр. «Қызыл жұлдыз» колхозының колхозшылары 61 мың сом, «Жаңа майдан» колхозының колхозшылары 56 мың сом, «Путь Ленина» колхозының колхозшылары 100 мың сом, жыйнап тапсырды.

«Павлодар колхозшылары» танк колоннасына қаржы жыйнау жұмысын ауданның басқа колхоздарына да қызу жүргізіп жатыр.

С. Кабышев.

Қаладағы «Объединенный промартельнің» жұртшылығы танк колоннасын жасау ісіне бір адамдай бірлігімен жұмыс жасауда. Олар өздерінің айлық әлсіз ақыларының 30 процентін танк колоннасын жасау қорына бермек болды.

Промартель жұртшылығы сонымен бірге өздерінің қаржыны еңбектерінің арқасында планнан тыс өндірген 45000 сом қаржыны Қызыл Армиямызға алып машина жасау үшін бермек болды.

Редакцияның адресі: Павлодар қаласы, Ленин көшесі 89-ші.

Жарысқа шақыруда

Лебяжі. (Өз тілшімізден) ауданының колхозшылары танк колоннасын жасауға асқан белсенділікпен қатысауда. «Жаңа жұлдыз» колхозының колхозшылары танк колоннасына 36580 сом тапсырды. Көршілес Павлодар және Стаханов атындағы ауыл шаруашылық артельдерінің колхозшылары сонымен бірге жарысқа шақырылды.

«Жаңа жұлдыз» колхозының колхозшылары бұл шақыруын айымаққан түрде қарсы алған Сталин, Стаханов атындағы ауыл шаруашылық артельінің жұртшылығы өздерінің еңбегімен тектен қара қаржыны танк колоннасын жасауға беруде. Солардың ішінде Ембергенов, Ауталынов, Күсімханова Жолдастар аяра жарысқа түсіп әрқайсысы 1500 сомдан ақша берді.

Ф. Сарсембаев.

Совет әскерлерінің шабуылы туралы англия баспасөзінің хабары

Лондон, 4 январь. (ТАСС). Англия баспасөзі Қызыл Армия бөлімдерінің жеңістерін ақша көрсетуде. Соғыстың шешуші «Таймс» газеті біздің әскерлерінің Сталинград маңындағы 6 апталық шабуылдарының қорытындысы туралы совет пәфформбюросының хабары а тоқтай келіп, өткен жылғы қыста Қызыл Армияның шабуыл ұрыстарына жүргізіліп, жау и уақыт талқандарының ерекше іскерлігі. Сол сияқты Герман армиясы қазірде де қатты сескі керуде.

Англия радиокомментаторы Қызыл Армияның Моздокты алғанын ашық айтты. «Рейтер» агенттігінің шешуші ақпаратты Фергисон былай деп жазды. Қызыл Армияның Моздокты орыстардың инициативаны немістерден өз қолына көтеріп алды. Моздок Кавказдың шығыс жақ етегіндегі Германия бөлімдерінің операциясының негізгі базасы деп есептепті.

Қызыл Армияның шабуылы туралы Түрк газеттерінің хабары

Стамбул, 4 январь. (ТАСС) Қызыл Армия бөлімдерінің шабуылдары Түрк газеттерінде кең көрсетілуде. Түрк газеттері Совет әскерлерінің Сталинград маңындағы 6 апталық шабуылдарының қорытындысы туралы хабарлы басып шығарды.

Түрктің «Ени сабах» газетінде бұл сызып шыққан білікті журналисті Дзадия Ялчин статьясында былай дейді. Қызыл Армия соғыс жетістіктері неміс мақтаншақтары пропагандасын әшкереледі. Ялчин мынадай еске түсіреді. «Түрктің өзі Сталинградтың үлкен стратегиялық маңызы барлығын көрсете келіп, Сталинград қаласын немістер қайткенде алады, деп жариялады. Немістердің шабуылдарының негізгі мақсаты россияның соғыс күшін күрту болды. Жақында «Ребелль» Түрк журналдарындағы екі айдың ішінде орыстармен барлық есен бітеді және россия «соғыс күші» өзінен өзі жойылады деп өзін барлық сеніммен жариялады. Ялчин былай дейді, бұдан бө немістердің айтуына россия армиясы бұл 1-2 ай бұрын «күртылған» Түрк скі-Қазір Қызыл Армия Германия әскерлерін Сталинградта, Кавказда қууда. Меллирова жанында ығыстыруда, Котельникововы азат етті.

Одақтастардың Рур және Сен-Назерге жасаған шабуылы

Лондон, 4 январь. (ТАСС) Ресми хабарла былай делінген. Кеше Американың ауыр бомбардировщиктері Сен-Назердегі Дюкнге шабуыл жасады. Кейтерин өрт және зарықтар болғандығы байқалды. Бомбардиров-болған операция жасағанда 300 истребитель көмектесті. Жау одақтастарының самолеттері дүшпанның негізгі истребительдеріне қарсы жасаған шабуыл аяғында тала қор-мылқы көрсете алды.

4 январьға қарсаңында Англия авиациясы Рурға шабуыл жасады. Дүшпанның самолеттері авиацияны солтүстік шығысындағы жағалау пункттерге және Уайт аралына шабуыл жасады. Жеке зиянды қолтірді. Өлгендер бар.

Жауаны редактордың орынбасары. К. АВДРАМАНОВ.